

Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу үшін алымдар ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 қараша N 1448. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы K010209_ кодексіне (Салық кодексіне) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу үшін алымдар с т а в к а л а р ы б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бұрын қабылданған нормативтік құқықтық кесімдерді бір ай мерзімде осы қаулымен с ә й к е с к е л т і р с і н .

3. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қарашадағы N 1448 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу үшін алымдар ставкалары Дәрілік заттарды мемлекеттік

тіркеу үшін алым ставкалары :
дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу кезінде алым, төленетін күнгі қолданыстағы он бір еселенген айлық есептік көрсеткіштен тұрады;

дәрілік заттарды мемлекеттік қайта тіркеу кезінде алым, төленетін күнгі қолданыстағы бес еселенген айлық есептік көрсеткіштен тұрады;

дәрілік заттардың мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың телнұсқасын беру кезінде алым, төленетін күнгі қолданыстағы 0,7-ге еселенген айлық есептік көрсеткіштен тұрады .